

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 желтоқсан N 1870. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру туралы" 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 50, 473-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауындағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

Кіріспедегі "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1) 1-тармақтағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан " Бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Саудабаев	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Қанат Бекмырзаұлы	Министрі Кеңсесінің Басшысы, төраға
Бүркітбаев	- Қазақстан Республикасы Көлік және
Серік Мінуәріұлы	коммуникациялар министрі, төрағаның
орынбасары	

Марченко	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Григорий Александрович	Банкінің төрағасы, төрағаның
орынбасары (келісім бойынша)	

Школьник - Қазақстан Республикасы Энергетика,
Владимир Сергеевич индустрия және сауда министрі

Смағұлов Қайрат - Қазақстан Республикасы Премьер-
Молдрахманұлы Министрінің Кеңесі Басшысының
бірінші орынбасары

Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Нұралы Сұлтанұлы ақпарат және қоғамдық келісім
вице-министрі

Медетбеков - Қазақстан Республикасы Президенті
Ренат Әсембайұлы Күзет қызметінің басқарма бастығы
(келісім бойынша)

Сақыпов - "Қазақтелеком" ашық акционерлік
Нұрлан Заркешұлы қоғамының президенті (келісім
бойынша)

Нәсиев - Қазақстан Республикасы Көлік және
Асқар Қайратұлы коммуникациялар министрлігінің
Телекоммуникациялар және почта
департаментінің директоры

Мінікаев - Қазақстан Республикасы Қарулы
Марат Нұрғалиұлы Күштері Бас штабы басқармасының
бастығы

Мартиросов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Михаил Грантович министрлігінің Жедел-техникалық
қызметі департаменті бастығының
орынбасары

Қаратаев - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Шахмардан Сейітқанұлы құпияларды қорғау жөніндегі
агенттігінің басқарма бастығы

Поликарпов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Олег Банкінің Ақпараттық технологиялар
Юрьевич департаментінің директоры

Слободянюк - Қазақстан Республикасы Премьер-
Анатолий Министрі Кеңесінің Бақылау және
Ануфриевич құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі
меңгерушісінің орынбасары -
ақпаратты қорғау секторының
меңгерушісі, хатшы;

"Бектасов - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Әбен Ағыбайұлы кіріс вице-министрі, төрағаның
орынбасары"

деген жолда "төрағаның орынбасары" деген сөз алынып тасталсын;
Жандосов Ораз Әлиұлы, Кешубаев Ғалиаусат Қайырбекұлы, Досаев Ерболат
Асқарбекұлы, Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы, Тәжияқов Бисенғали Шамғалиұлы,
Өртембаев Асқар Қалмұхаметұлы көрсетілген құрамнан шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру
процестерін үйлестіру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

атауындағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай
ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

I "Жалпы ережелер" деген тарауда:

1 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай ақпараттық
кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен толықтырылсын;

"стандарттарын енгізу," деген сөздерден кейін "Бірыңғай ақпараттық
кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы" деген сөздер "Білім және ғылым
министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

II "Негізгі міндеттері" деген тарауда:

4 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "
Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында Бірыңғай ақпараттық кеңістікті құру мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын, мемлекеттік қаражат (оның
ішінде заемдар) есебінен жүзеге асырылатын, мемлекеттік мекемелерді
ақпараттандырудың жоспарлары мен бағдарламаларын қарау және келістіру";

төртінші абзац алынып тасталсын;

алтыншы абзацтағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "
Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

тоғызыншы абзацтағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "
Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген

сөздермен толықтырылсын;

оныншы абзацтағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші абзацтағы "ақпараттық" деген сөз "ақпараттық-телекоммуникациялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздердің алдынан "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Комиссияның құқықтары" деген бөлімнің бесінші абзацындағы "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздердің алдынан "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздермен толықтырылсын;

III "Комиссияның қызметін ұйымдастыру" деген тарауда:

5-тармақтағы "орынбасары" деген сөз "екі орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ алынып тасталсын;

12-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қаржы министрлігінің "Қаржы жүйесін ақпараттандыру орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1999 жылғы 7 желтоқсандағы

№ 1870 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің**

тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 12 маусымдағы № 221 өкімі;

2. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 қыркүйектегі № 1243 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., № 30, 371 - құжат);

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 19
маусымдағы N 288 өкімі;

4. "Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымын
дамытудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999
жылғы 29 сәуірдегі N 502 қаулысы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК